

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым атауы: ЖШС «Бақытты бала» балабақшасы

Топ: «Қошақан» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Наурыз айы. 13.03-17.03.2023 ж, 2 апта

«Тексерілді»:

Әдіскер: Ж.С. Давлеткалиева

Тәрбиешілер: Г.Г. Елмұратова

С. Қарымсақова

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. «Әз, наурызым армысың!» Мақсаты: Наурыз туралы туралы түсінік беру. Көркем әдебиет	Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. «Қай аспап жоқ?» Мақсаты: Балалардың зейіннің дамыту. Есте сақтау қабілетін дамыту. Музыка	Балаларды жақсы көңіл - күймен қарсы алу. Дидактикалық ойын: «Көңілді таяқшалар» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамыту. Сөйлеуді дамыту	Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. Дидактикалық ойын «Суретті толықтыр» Мақсаты: Балаларға берілген суреттерді толықтырып орналастыра білуге үйрету. Жапсыру	Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. Танымдық ойын: «Мынау қай пішін?» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. Математика негіздері
Ата-аналармен әңгімелесу,	Ата-аналарға кеңес:	Ата-аналарға кеңес:	Ата-аналарға кеңес:	Ата-аналармен әңгіме:	Ата-аналармен әңгіме: Ата-

кеңес беру	Ата аналармен әңгімелесу. Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу.	«Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» Ата- аналармен сұхбат.	Ата аналармен әңгімелесу. Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл - ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Құрылысшы Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрастыру	Үстел үсті ойыны: «Бөліктерді құрастыр» Мақсаты: Зейіндікке баулу. Құрастыру	«Дөңгелектер» Мақсаты: Ермексаздан машина жасап құрастыру. Мүсіндеу	«Сипап көр» Мақсаты: Сипап сезу арқылы көкөністердің атын табу. Математика негіздері	Құрастыру «Машина» Мақсаты: Құрлыс материалдарының негізгі бөліктері мен бөліктердің бөліктерін, түсімен шамасы бойынша ажыратуға үйрету. Құрастыру
Таңертеңгі жаттығу	ҚР әнұраны орындалады «Сыпырғыш» - Бірінен соң бірі сапқа тұрып бағытты өзгертіп жүру. 1. «Шапалақ» - Бытырап жүгіру. 2. Сапта аяқтың ұшымен, өкпемен жүру. 3. Түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды артқа - алға тербеп, жан - жақтан көтеру, оған қарап, ақырындап орнына түсіру. (6 - 7 рет қайталау) 4. Түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қою. Оңға бұрылып, қолды артқа созу, оған қарап, бұрынғы қалыпқа қайта келу. Соны сол қолмен қайталау. (2 - 3 рет қайталау) 5. Түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қою. Қолды алдыға созып, шынтақты бүгеді, «насос» ұстағандай тұру. Машинаның дөңгелегін ауаға толтырғандай алға, төменге еңкею, өз қалпына келу. (5 - 6 рет қайталау)				

	6. Арқаға жатып, дене бойымен қолды созу. Аяқты кеудеге тартып, тізеден қолмен шапалақтау, өз қалпына қайта келу.(5 - 6 рет қайталау) 7. Түзу тұрып, қолды белге қою. Бір орында тұрып, секіру. (4 - 5 рет қайталау) 8. Сапта тұрып бірінен соң бағытты өзгертіп жүру.					
Таңғы ас	Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып, кастерлеп Торғайларға тастандар. [*] Сөйлеуді дамыту	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап	Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»	Ас қайыру тақпағы: Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз эн болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз он болсын! [*] Әумин!	Ойын-жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Мерекелік дастархан» Мақсаты: Мерекелік дастархан туралы түсінік беру. Сурет салу	«Бағдаршам» (сурет қарастыру) Мақсаты: Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету. Жапсыру	«Ғажайып қапшық» Мақсаты: Әр мамандыққа қажетті құралдарды атап айыра білу, неден жасалғанын тану. Қоршаған ортамен танысу	«Мерекелік отпашу» Мақсаты:Отпашу туралы түсінік беру. Қауіпсіздік шараларын түсіндіру. Сурет салу	Шаштараз қалай жұмыс істейді? Қуыршаққа көрсетеміз Шаштараз жұмысы туралы балаларға білім беру. Құрал-жабдықтары н атауға	

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша.	Музыка Тақырыбы: Бесік жыры Мақсаты: Бесік жыры» арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру.	Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша.	Дене шынықтыру Педагог жоспары бойынша.	үйрету. Қоршаған ортамен танысу
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.
Серуен	«Қарды бақылау» Мақсаты: Қыс құбылысы - қармен таныстыруды жалғастыру. Бақылау барысы: Балаларға қардың	«Аспанды бақылау» Мақсаты: Өртүрлі табиғи құбылыстармен таныстыруды жалғастыру. ауа-райын ажыратуға үйрету, аспанмен Бақылау барысы: Балаларға аспанға қарап оның қандай екенін	Аспанды бақылау» Мақсаты: Өртүрлі табиғи құбылыстармен таныстыруды жалғастыру. ауа-райын ажыратуға үйрету,	Бағдарламды бақылау» Мақсаты: бағдарламның пайдасы туралы түсініктерін бекіту Бақылау барысы: жасыл	«Жануарларды бақылау» Мақсаты: тің күшігі оның келбеті, қимылы, шығаратын дыбысы

үстімен жүріп оның қалай сықырлайтынын тыңдау. Мүмкін ол біздің оны таптап жүргенімізге ашуланып жатқан шығар? Әлде бізге бір нәрсе айтып жатыр ма? қар не туралы айтуы мүмкін? Балалардың әңгімелеуін тыңдау	айтуды ұсыну. (Таза, көгілдір) ендеше ауа-райы ашық, шуақты. Ал егер аспан бұлттанып тұрса? онда ауа-райы - бұлыңғыр, салқын, көңілсіз. Ауа-райы қандай? (Бұлтты) Ал егер жел соқса, бұлттар қайтеді? (Жел оларды қуып, ауа-райы өзгеріп, күн шығады)	аспанмен Бақылау барысы: Балаларға аспанға қарап оның қандай екенін айтуды ұсыну. (Таза, көгілдір) ендеше ауа-райы ашық, шуақты. Ал егер аспан бұлттанып тұрса? онда ауа-райы - бұлыңғыр, салқын, көңілсіз. Ауа-райы қандай? (Бұлтты) Ал егер жел соқса, бұлттар қайтеді? (Жел оларды қуып, ауа-райы өзгеріп, күн шығады)	және сары түсті шеңбер таратып, назарларын бағдаршам жұмысына аудару. Балалар бағдаршамның белгісіне сай шеңберлерін көрсетеді. Тәрбиеші әр түстің қызметін айтады.	туралы түсініктерін бекіту Бақылау барысы: Неліктен күшкі сүйкімді? (аяқтары мен құйрығы қысқа, ойнақы, әдемі) Күшкі кішкентай, әлсіз болғанмен, оның есту қабілеті жақсы, ол бұйрықтарды орындайды.
Көркем сөз: Қар жауды Аппақ қып өңірді, Қар жауды! Қар жауды! Көп бала көңілді, Қызығып, таң қалды. Қимылды ойын: «Қар жинау». Мақсаты: Ойын шартын бұзбауға тырысу. Шапшандыққа, достыққа баулу,	Көркем сөз: Аспан бұлтқа толып кетті- Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты бөшке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Қимылды ойын: «Ұшақтар» Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, шапшандыққа, ептілікке үйретіп, ойынға деген қызығушылығын арттыру.	Көркем сөз: Бағдаршам Апса кезек үш көзін, Айтты деп ұқ үш сөзін: «Тоқта! Сақтан! Жол ашық!» Жүрме жолға таласып. Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға! Қимылды ойын: Аспан бұлтқа толып кетті- Бұлттар түлік болып кетті:	Көркем сөз: Күшігімді кішкентай, Көрінген жұрт мақтайды. Мақтаса да барлығы, Менен алыс	

	Ойын барысы: Балалар екі топқа бөлінеді. Ортада екі топқа да бірдей етіп қар үйілген. Берілген белгі бойынша шелекке қарды толтыру керек. Баламен жеке жұмыс: «Ауада қар ұшқындары қылаулайды» Балалардың кеңістікті бағдарлауын дамыту.	Еңбек әрекеті: Күрекпен қарды жинау, ойын алаңын тазалау. Мақсаты: бірігіп жұмыс жасай отырып мақсатқа жету. Баламен жеке жұмыс: «Ұшақ». Қимыл қозғалысты дамыту.	Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты бөшке болып. Бір бұлт шықты бие болып,	Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, шапшандыққа, ептілікке үйретіп, ойынға деген қызығушылығын арттыру Еңбек әрекеті: Жолдарды қардан тазалау, қар үйінділерін жасау Мақсаты: қарды бір жерге үю арқылы күрекпен әрекет жасау Баламен жеке жұмыс: «Кім жылдам» бір-біріне соқтығыспай жылдам жүгіруге үйрету	қашпайды. <u>Қимылды ойын:</u> <u>Қимылды ойын:</u> «Қоян мен қасқыр». Мақсаты: ойын ережелерін бұзбай сақтай білуге үйрету Баламен жеке жұмыс: «Тірі лабиринт» тепе-теңдікті сақтау, ептілік пен қозғалыс жылдамдығын дамыту
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы кийімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екіден жүру.	Кийімдерін ретімен шешіп, шкафтарына бүктеп қоюға қалыптастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы кийімдерін шешіп шкафтарына

Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Тағамды асықпай жеу керек.	Ас ішер алдында қолынды жуу керек.	Тағамды асықпай жеу керек.	орналастыру
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі	«Әлди – әлди ұйықтайғой» Сөйлеуді дамыту	«Бесік жырын» тындату	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі	«Балапаным» музыка тындату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан ояту жаттығуы: 3-кешен «Орманға серуен» 1. «Тартылу». Б. қ.: шалқасынан жатып, қолды дене бойымен созу, тартылу. 2. «Жазда аспа бесікте орман тұрғыны ұйықтайды» (жаңғақ). Б. қ. шалқасынан жатып, қолдар дененің бойымен, дем алу, аяқты тіктеп отыру, қолды аяқ басына жеткізу, дем шығару, дем алу, б. қ. 3. «Міне, шырша, жасыл инелер бүгілді». Б. қ.: тұру, аяқтар иық енінде, қолдар төменде, дем алу, дем шығару, денені алға еңкейту, дем алу, Б. қ., дем шығару, еңкею. 4. «Міне, биік қарағай тұр және бұтақтарын шайқайды». Б. қ.: о. с., дем алу, қолдар екі жаққа, дем шығару, денені оңға еңкейту, дем алу, дем шығару, денені солға еңкейту. 5. «Берет киген балалар бұтақтан құлап, береттер жоғалды» (бүршік). Б. қ.: о. с., қол басқа көтеріп ұстау, дем алу – аяқ ұшымен көтерілу, дем шығару – отыру. 6. «Алена қыз тұр, жапырағы жасыл, өзі жұқа, ақ сарафаны бар» (қайың). Б. қ.: тұру, аяқтар иық				

енінде, қолдар дене бойымен, дем алу, қолдар бүйір жағынан жоғары, аяқ ұшымен көтерілу, дем шығару, б. қ. Жалпақ табанның алдын алу. Б. қ. - кереуеттің жанында тұру. 1. Аяқты «жиыру». 2. Өкшеден аяқ ұшына және одан өкшеге айналдыру. 3. Аяқ саусақтарымен еденнен ұсақ заттарды (матаны) алу. 4. Аяқ ұшымен тұрып, өкшені қысу және ашу. 5. Аяқ ұшымен отыру. Қабырғалы тактада жалаң аяқ жүру. Тыныс алу жаттығулары. 1. «Қаздар». Тыныс алу кезінде алға иілу: алға қарап, мойынды созып, «ш-ш-ш» деп айту.					
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Дөңгелектер» Мақсаты: Ермексаздан машина жасап құрастыру. Құрастыру Мүсіндеу	«Кім солай сөйлейді?» доппен ойын Мақсаты: Жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету. Сөйлеуді дамыту	«Өз үйінді тап» дидактикалық ойын Мақсаты: Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.	Танымдық ойын: «Көзінді жұмып, қолыңмен анықта» Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. Математика	«Ит адамның досы» Мақсаты: Ит туралы түсінік беру. Қол икемділігін дамыту. Құрастыру Мүсіндеу

			Қоршаған ортамен таныстыру	негіздері	
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Алихан ұсақ қол моторикасын дамыту. Сурет салу	Жеке баламен жұмыс: Артур тыныс алу жаттығуын жасату. Сөйлеуді дамыту	Жеке баламен жұмыс: Нариман ұсақ қол моторикасын дамыту. Сурет салу	Жеке баламен жұмыс: Арина түстерді ажырата білуге үйрету. Сөйлеуді дамыту	Жеке баламен жұмыс: Саят ұсақ қол моторикасын дамыту. Сурет салу
	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Балалармен жеке әңгімелесу.	Балаларды табиғатпен таныстыру.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.
Серуенге дайындық	Қимылды ойын «Қу түлкі» Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Бақша ауласындағы ағаштарды бақылау.(танымдық, еңбек іс-әрекет)	«Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру. Қысқы орманды лево құрастыру бөлшектері арқылы құрастыру, өзбетіншеойданқұрастыруға баулу (танымдық іс-әрекеті) Қимылдыойындар. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Қимылды ойын Қыз –қуу	Қимылды ойын «Қармақ» Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Қимылды ойын Сақина жасыру	Қысқы ауа райының ерекшеліктерін бақылау. Күзбен қыстың айырмашылығын зерттеу. (зерттеу іс-әрекеті) Қыс туралы көңілді әндерді тындап, еркін би қимылдарын жасату. (Музыка)	Қысқы ауа райының ерекшелікте рін бақылау. Күзбен қыстың айырмашылығын зерттеу. (зерттеу іс-әрекеті) Қыс туралы көңілді әндерді тындап, еркін би қимылдарын
Серуен	Қимылды ойын «Қу түлкі» Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Бақша ауласындағы ағаштарды бақылау.(танымдық, еңбек іс-әрекет)	«Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру. Қысқы орманды лево құрастыру бөлшектері арқылы құрастыру, өзбетіншеойданқұрастыруға баулу (танымдық іс-әрекеті) Қимылдыойындар. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Қимылды ойын Қыз –қуу	Қимылды ойын «Қармақ» Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім» Қимылды ойын Сақина жасыру	Қысқы ауа райының ерекшеліктерін бақылау. Күзбен қыстың айырмашылығын зерттеу. (зерттеу іс-әрекеті) Қыс туралы көңілді әндерді тындап, еркін би қимылдарын жасату. (Музыка)	Қысқы ауа райының ерекшелікте рін бақылау. Күзбен қыстың айырмашылығын зерттеу. (зерттеу іс-әрекеті) Қыс туралы көңілді әндерді тындап, еркін би қимылдарын

	орамал.				«Аюлар мен аралар» Еркін ойындар	жасату. (Музыка) Қимылды ойын «Аюлар мен аралар» Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті					
Балалардың үйге қайтуы.	Балаларды жақсы көңіл-күймен шығарып салу.	Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.	Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.	